Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 173 өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 22 Өкімі

«Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің жанындағы сараптамалық кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 173 өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі жанындағы сараптамалық кеңес туралы ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сараптамалық кеңес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді шешу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар тұжырымдау мақсатында құрылады.»;

6-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшадағы «Хатшылығы» деген сөз «Талдау бөлімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

1) және 2) тармақшалар алып тасталсын;

3) тармақшадағы «сыртқы» деген сөздің алдынан «қарауға келіп түскен жағдайда» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «асимметриялық» деген сөз алып тасталсын;

9 және 10-тармақтарға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қауіпсіздік Кеңесінің Талдау бөлімі қызметкерлерінің қатарынан Сараптамалық кеңес төрағасының орынбасарын және хатшысын тағайындайды.»;

13-тармақтағы «Хатшылығының» деген сөз «Талдау бөлімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақта «Хатшылығының» деген сөз «Талдау бөлімінің» деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК